

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 74 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 11 наурыздағы N 289

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму банкінің Бағдарламалық займын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 74 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

4-тармақтың екінші абзацы:

"Қызмет көрсетуші банкілері мен түпкі заемшылар тарапынан көрсетілген қаржылардың республика бюджетіне сөзсіз, толық қайтарылуын ескеріп" деген сөздермен басталып, одан әрі мәтін бойынша баяндалсын.

5-тармақ "екі апта мерзім ішінде" сөздерінен кейін "қызмет көрсетуші банкілер немесе түпкі заемшылар тарапынан кепілді міндеттеме берілетін тетікті" анықтасын деген редакцияда баяндалсын.

7-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"7. Займ қаржысын түпкі заемшылардың пайдалану процедурасын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі анықтайтын лизинг негізінде жүргізілуі мүмкін деп белгіленсін".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі